

Әлеуметтік сала объектілерін балансқа қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 5 желтоқсан N 551-ө "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес, Атырау облысының "Полипропилен" акционерлік қоғамының 1996 жылғы 1 шілдеге 1 млрд. теңгеден астам сомада жинақталып қалған кредиттік берешегінің және бюджет пен бюджеттік емес қорларға тиесілі сомаларды бір жылдан астам уақыт төлемеуінің нәтижесінде:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Полипропилен" акционерлік қоғамының дәрменсіздігі және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оны жою үрдісін жүргізу туралы хабарламасы назарға алынсын

2. Атырау облысының әкіміне:

1997 жыл ішінде "Полипропилен" акционерлік қоғамының балансындағы әлеуметтік сала объектілерін балансқа қабылдау;

1997 жылға арналған облыс бюджетін қалыптастыру кезінде осы кәсіпорындардың әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыруды ведомстволық қаржыландырудан облыстық бюджетке берілетін Әлеуметтік-экономикалық дамудың 1997 жылға арналған индикативтік жоспары жөніндегі әлеуметтік мекемелер негізінде және солардың саны шегінде, облыстың бюджеттік ұйымдарының жүйелерін оңтайландыруды ескере отырып, көздеу;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне және "Полипропилен" акционерлік қоғамына кәсіпорында ол жойылған жағдайда өндірістік үрдістердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті жылу-энергия ресурстарын беріп тұру мөлшерін сақтау мәселелерінде ұйымдастыру жәрдемін көрсету ұсынылсын.

Премьер-Министр